

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 301 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2016 жылғы 21 қаңтардағы № 19 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 2 наурызда № 13367 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 2020 жылғы 2 маусымдағы № 130 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды – ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 02.06.2020 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз.

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 301 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілер мемлекеттік тізілімінде № 11229 болып тіркелген, 2015 жылғы 3 тамызда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықтың 1, 2, 3, 6, 7-қосымшалары осы бұйрыққа 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес жана редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгенінен кейін он күнтізбелік күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға, сондай-ақ Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы

Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интранет-порталында орналастыруды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметті ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 17 қарашадағы Заңына сәйкес 2016 жылғы 1 наурыздан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Энергетика министрі

В. Школьник

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрінің м.а.

_____ Ж. Қасымбек

2016 жылғы " ____ " _____

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

_____ Е. Досаев

2016 жылғы 2 ақпан

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 21 қаңтардағы
№ 19 бұйрығына
1-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
1-қосымша

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтерді көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттарды тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру - 15 (он бес) жұмыс күнінен кешіктірмей;

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу - 3 (үш) жұмыс күні ішінде;

Көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушының құжаттарын алған сәттен бастап, екі жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді.

Ұсынылған құжаттардың толық емес фактісі анықталған жағдайда, көрсетілетін қызметті беруші көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қараудан бас тарту туралы дәлелді жазбаша береді.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде қабылдау күні мемлекеттік қызмет көрсету мерзіміне кірмейді.

2) мемлекеттік қызметті алуға дейінгі рұқсат етілген ең ұзақ уақыт – 15 минут ;

3) жүгіну күні көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия және (немесе) лицензияға қосымша, лицензияны және (немесе) оның қосымшасын қайта ресімдеу, не осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қағаз түрінде жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы негізде көрсетіледі.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындауға және қызметтер көрсетуге лицензия және (немесе) лицензияға қосымша беруге, лицензияны және (немесе) қосымшаны қайта ресімдеуге лицензиялық алым 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 471-бабына сәйкес жүзеге асырылады және:

лицензия беруге – 50 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі – АЕК);

лицензияны қайта ресімдеуге – лицензияны беру кезіндегі мөлшерлемеден 10 %-ды құрайды, алайда 4 АЕК-ден артық емес.

Лицензияны беруге және лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге лицензиялық алым алынбайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Төлем екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз

нысанда жүзеге асырылады, сондай-ақ портал арқылы төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы (бұдан әрі – ЭҮТШ) жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін белгіленеді.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз дүйсенбі – сенбі аралығында сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек күту тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжаттың көшірмесі.

2) Мемлекеттік корпорацияға:

лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін (не сенімхат бойынша оның өкілі):

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

жеке куәлік (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгенін растайтын құжат;

жеке куәлік (тұлғаны сәйкестендіру үшін);

3) порталға:

Лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1 немесе 2-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны алу үшін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші;

ЭҮТШ арқылы төлеуді есептемегенде, жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмесі;

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыстарды орындау және қызметтерді көрсету бойынша қызметті жүзеге асыру үшін біліктілік талаптарына сәйкестік туралы мәліметтер нысаны;

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 4 немесе 5-қосымшаларға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеу үшін жеке немесе заңды тұлғаның өтініші ;

ЭҮТШ арқылы төлеуді есептемегенде, жеке қызмет түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның бюджетке төленгені туралы түбіртектің электрондық көшірмесі;

Жеке басты куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы, лицензия туралы құжаттарының мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері және көрсетілетін қызметті беруші "электрондық үкіметтің" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушы келісімін береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін көрсетілетін қызметті алушыға түпнұсқаларын қайтарады;

Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда, сәйкесінше құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Бір ай өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұранымы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, оның тіркелгені туралы көшірмесіндегі белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

Мемлекеттік корпорацияға – тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат; порталға – "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

10. Мыналар:

субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынуы (Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Заңның 32-бабының 1-тармағы);

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушының біліктілік талаптарына сай келмеуі;

қызмет түріне лицензия беруге өтініш берілген жағдайда, қызметтің жекелеген түрлерімен айналысу құқығына лицензиялық алымның төленбеуі;

мемлекеттік көрсетілетін қызметті алушыға қатысты өтініш білдірген қызмет түрлерімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімінің болуы;

сот орындаушысының ұсынуы негізінде соттың көрсетілетін қызметті алушыға лицензия алуға тыйым салуы мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемесі болып табылады.

11. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша орталық мемлекеттік органдардың, сондай-ақ көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорация және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша Министрліктің, көрсетілетін қызметті берушінің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне , әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік көрсетілетін қызметтің тікелей өкіліне не мына мекенжай бойынша Министрлік басшысының атына беріледі: 010000, Астана қаласы, Министрліктер үйі (сол жағалау), Орынбор көшесі, № 8, № 14 кіреберіс, телефон 8 (7172) 74 08 09.

Шағым жазбаша түрде почта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің не Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні, берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны көрсетіле отырып, көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және күні) шағымның

қабылданғанын растау болып табылады. Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерлерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 15-тармағында көрсетілген мекенжайлар және телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік корпорация кеңсесінде қолма-қол, сондай-ақ почта арқылы келіп түскен шағымның тіркелуі (мөртаңба, кіріс нөмірі және тіркеу күні шағымның екінші нұсқасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады. Шағым тіркелгеннен кейін жауапты орындаушыны айқындау және тиісті шара қабылдау үшін Мемлекеттік корпорация басшысына жолданады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының (1414, 8 800 080 7777) телефоны арқылы алуға болады.

Шағымды портал арқылы жолдаған кезде көрсетілетін қызметті алушының " жеке кабинетінен" көрсетілетін қызметті берушінің өтініштерді өңдеуі барысында (жеткені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгі, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап) жаңартылатын өтініш туралы ақпарат қолжетімді болады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда:

- 1) жеке тұлға - тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы;
- 2) заңды тұлға - атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті алушы өтінішке қол қоюы керек.

13. Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтер ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

14. Адамның тыныс-тіршілігін шектейтін организм функцияларының үнемі нашарлауы салдарынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар 1414, 8 800 080 7777 - Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінген кезде, олардың мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қажеттілігі болған жағдайда тұрғылықты жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорация қызметкері қабылдайды.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай:

1) Министрліктің - www.eco.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің - www.ecokomitet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

3) Мемлекеттік корпорацияның - www.con.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

16. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58 және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414, 8 800 080 7777).

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
жұмыстарды орындауға және
қызметтерді
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
1-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған жеке тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(жеке тұлғаның толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(лері) болық атауы көрсетілсін)

жүзеге

асыруға лицензия және (немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)

беруіңізді сұраймын

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы

_____ (почталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру

мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатыны және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны (болан жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
жұмыстарды орындауға және
қызметтерді
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
2-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны алуға арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

(қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы көрсетілсін)

_____ жүзеге асыруға лицензияны және

(немесе) лицензияға қосымшаны қағаз тасығышта _____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек) беруіңізді сұраймын.

Заңды тұлғаның мекенжайы _____
(шетелдік заңды тұлға үшін) пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені,

көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парак қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны; қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
жұмыстарды орындауға және
қызметтерді
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
3-қосымша

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы лицензияланатын қызмет түріне қойылатын біліктілік талаптары және оларға сәйкестікті растайтын құжаттар тізбесіне сәйкестік туралы мәліметтер нысандары

1. Шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғатты қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызмет үшін жеке тұлғаларға:

1) Бейіні бойынша тиісті жоғары білімі:

мамандықтың және біліктіліктің атауы _____;

дипломның нөмірі және берілген күні _____;

диплом берілген орны _____;

диплом берген оқу орнының атауы _____.

шетел білім беру ұйымдарымен берілген білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы куәліктің нөмірі және берілген күні

_____;

2) қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде үш жыл оның ішінде, экологиялық аудит жөніндегі қызмет үшін табиғатты қорғауды жобалау, нормалау саласындағы практикалық жұмыс тәжірибесі кемінде бір жыл:

қоршаған ортаны қорғау саласында жұмыс өтілі _____;

табиғатты қорғау жобасы саласында, нормалауда жұмыс өтілі _____;

жұмыс орны _____;

атқаратын лауазымдары _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі және күні және/немесе жеке еңбек шартының нөмірі және күні _____.

3) Аккредиттелген мамандандырылған зертхана не көрсетілген зертханалары бар ұйымдардың талдамалық жұмыстарды (қызметтерді) орындауы туралы шарт:

өз зертханасының болуы _____;

аккредиттеу аттестатының нөмірі және күні _____;

аттестат берілген орын _____;

аттестатты берген орган _____;

аккредиттеу саласы _____;

аккредиттеу аттестатының жарамдылық мерзімі _____;

өз зертханасы болмаған жағдайда:

шарттың нөмірі және жасалған күні _____;

шарт жасалған орын _____;

зертханасы бар ұйымның атауы _____;

аккредиттеу аттестатының нөмірі және күні _____;

аттестат берілген орын _____;

аккредиттеу аттестатын берген орган _____;

аккредиттеу саласы _____;

аккредиттеу аттестатының жарамдылық мерзімі _____.

4) Қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін есептеу бойынша бағдарламалық кешен:

бағдарламалық кешеннің атауы _____;

бағдарламалық кешеннің өндірушісі _____.

2. Шаруашылық және өзге де қызметтің I санаты үшін табиғатты қорғауды жобалау, нормалау және экологиялық аудит жөніндегі қызмет үшін заңды тұлғаларға:

1) Жоғары білімі (басшы үшін):

мамандықтың және біліктіліктің атауы _____;

дипломның нөмірі және берілген күні _____;

диплом берілген орын _____;

диплом берген оқу орнының атауы _____;

шетел білім беру ұйымдарымен берілген білім беру туралы құжаттарды

тану және нострификациялау туралы куәліктің нөмірі және берілген

күні _____;

басшы ретінде жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтың нөмірі және күні және/немесе жеке еңбек шартының нөмірі және күні _____.

2) Осы заңды тұлғаның штатында жұмыс істейтін бейіні бойынша тиісті жоғары білімі, қоршаған ортаны қорғау саласында кемінде үш жыл практикалық жұмыс тәжірибесі бар кем дегенде екі маманның болуы:

эколог маманның тегі, аты, әкесінің аты _____;

қоршаған ортаны қорғау саласындағы жұмыс өтілі _____;

атқаратын лауазымы _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың нөмірі және күні және/немесе жеке еңбек шартының нөмірі және күні _____;

мамандықтың және біліктіліктің атауы _____;

дипломның нөмірі және берілген күні _____;

диплом берілген орын _____;

диплом берген оқу орнының атауы _____.

шетел білім беру ұйымдарымен берілген білім беру туралы құжаттарды тану және нострификациялау туралы куәліктің нөмірі және берілген күні _____.

Экологиялық аудитке: осы заңды тұлғаның штатында жұмыс істейтін, кем дегенде екі эколог аудиторының болуы:

эколог аудиторының тегі, аты, әкесінің аты _____;

атқаратын лауазымы _____;

жұмысқа қабылдау туралы бұйрықтардың нөмірі және күні және /немесе жеке еңбек шартының нөмірі және күні _____;

қызметтің кіші түрі (экологиялық аудит) көрсетілген лицензияның берілген күні және нөмірі _____.

3) Аккредиттелген мамандандырылған зертхана не көрсетілген зертханалары бар ұйымдардың талдамалық жұмыстарды (қызметтерді) орындауы туралы шарт:

өз зертханасының болуы _____;

аккредиттеу аттестатының нөмірі және күні _____;

аттестат берілген орын _____;

аттестатты берген орган _____;

аккредиттеу саласы _____;

аккредиттеу аттестатының жарамдылық мерзімі _____.

өз зертханасы болмаған жағдайда:

шарттың нөмірі және жасалған күні _____;

шарт жасалған орын _____;

зертханасы бар ұйымның атауы _____;

аккредиттеу аттестатының нөмірі және күні _____;

аттестат берілген жер _____;
аккредиттеу аттестатын берген орган _____;
аккредиттеу саласы _____;
аккредиттеу аттестатының жарамдылық мерзімі _____.

4) Қоршаған ортаға эмиссиялардың нормативтерін есептеу бойынша бағдарламалық кешені:

бағдарламалық кешеннің атауы _____;

бағдарламалық кешеннің өндірушісі _____.

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
жұмыстарды орындауға және
қызметтерді
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
4-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған жеке тұлғаның өтініші

_____ (лицензиардың толық атауы)

_____ (жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда), жеке сәйкестендіру нөмірі)

_____ (қызметтің түрі және (немесе) кіші түрінің(-лері) толық атауы)

_____ жүзеге асыруға
20__ жылғы " " _____ № _____, _____ берілген,
(лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері),
берілген күні,

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы)

лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын)
қағаз тасығышта ____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х белгісін қою керек)

мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

- 1) жеке тұлға-лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) өзгеруі _____
- 2) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның атауы өзгеруі _____ 3) жеке кәсіпкер-лицензиат қайта тіркелген, оның заңды мекенжайы өзгеруі _____

—
4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада

көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.

Жеке тұлғаның тұрғылықты жерінің мекенжайы _____

_____ (пошталық индексі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы

_____ (пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат

(стационарлық үй-жайлар нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Жеке тұлға _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Мөр орны (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
жұмыстарды орындауға және
қызметтерді
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
5-қосымша

Лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны қайта ресімдеуге арналған заңды тұлғаның өтініші

(лицензиардың толық атауы)

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, мекенжайы,

бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі)

жүзеге асыруға (қызметтің түрі және (немесе) қызметтің кіші түрінің(-лері) толық атауы) 20__ жылғы " " _____ №

_____, _____ берілген, (лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаның(лардың) нөмірі(лері), берілген күні, лицензияны және (немесе)

лицензияға қосымшаны(ларды) берген лицензиардың атауы) лицензияны және (немесе)

лицензияға қосымшаны (керектің асты сызылсын)

қағаз тасығышта ____ (лицензияны қағаз тасығышта алу қажет болған жағдайда Х

белгісін қою керек) мынадай негіз(дер) бойынша (тиісті жолға Х қою қажет):

1) заңды тұлға-лицензиат "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 34-бабында айқындалған тәртіпке сәйкес (тиісті жолға Х қою қажет):

бірігу _____

қайта құру _____

қосылу _____

бөліп шығару _____

бөліну _____ жолымен қайта ұйымдастырылуы

2) заңды тұлға-лицензиат атауының өзгеруі _____

3) заңды тұлға-лицензиаттың орналасқан жерінің өзгеруі _____

4) егер лицензияның иеліктен шығарылатындығы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына 1-қосымшада көзделген жағдайларда, лицензиат үшінші тұлғалардың пайдасына объектімен бірге "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензияны иеліктен шығаруы _____

5) "объектілерге берілетін рұқсаттар" класы бойынша берілген лицензия үшін немесе лицензияға қосымшалар үшін объектілерді көрсете отырып, объект нақты көшірілмей оның орналасқан жерінің мекенжайы өзгеруі _____

6) Қазақстан Республикасының заңдарында қайта ресімдеу туралы талап болған жағдайларда _____

7) қызмет түрінің атауы өзгеруі _____

8) қызметтің кіші түрінің атауы өзгеруі _____ қайта ресімдеуіңізді сұраймын.
Заңды тұлғаның мекенжайы

(заңды тұлғаның (соның ішінде шетелдік заңды тұлғаның) толық атауы, бизнес-сәйкестендіру нөмірі, заңды тұлғаның бизнес-сәйкестендіру нөмірі болмаған

жағдайда – шетелдік заңды тұлға филиалының немесе өкілдігінің бизнес-сәйкестендіру

нөмірі)

Электрондық пошта _____

Телефондары _____

Факс _____

Банк шоты _____

(шот нөмірі, банктің атауы және орналасқан жері)

Қызметті немесе іс-қимылды (операцияларды) жүзеге асыру объектісінің мекенжайы _____

(шетелдік заңды тұлға үшін-елі, пошталық индексі, елі, облысы, қаласы, ауданы, елді мекені, көше атауы, үй/ғимарат (стационарлық үй-жайлар) нөмірі)

_____ парақ қоса беріледі.

Осымен:

көрсетілген барлық деректердің ресми байланыстар болып табылатындығы және оларға лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру немесе беруден бас тарту мәселелері бойынша кез келген ақпаратты жіберуге болатындығы;

өтініш берушіге қызметтің лицензияланатын түрімен және (немесе) кіші түрімен айналысуға сот тыйым салмайтыны;

қоса берілген құжаттардың барлығы шындыққа сәйкес келетіні және жарамды болып табылатындығы расталады;

өтініш беруші лицензияны және (немесе) лицензияға қосымшаны беру кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын қолжетімділігі шектеулі дербес деректерді пайдалануға келісімін береді;

өтініш беруші Мемлекеттік корпорация қызметкерінің өтінішті электрондық цифрлік қолтаңбамен растауына келіседі (Мемлекеттік корпорация арқылы жүгінген жағдайда).

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөр орны (болған жағдайда)

Толтыру күні: 20__ жылғы " __ " _____

"Қоршаған ортаны қорғау саласындағы
жұмыстарды орындауға және
қызметтерді
көрсетуге лицензия беру" мемлекеттік
көрсетілетін қызмет стандартына
6-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының №__ бөлімі (мекенжайы көрсетілсін) мемлекеттік қызмет көрсетуге (мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы мемлекеттік қызмет стандартына сәйкес көрсетілсін) құжаттарды қабылдаудан Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбауыңызға байланысты бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) _____;

2) _____;

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден екі данада жасалды.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) _____

Телефон _____

Алдым: (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/көрсетілетін қызметті алушының қолы

20__ ж. "_____" _____

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 21 қаңтардағы
№ 19 бұйрығына
2-қосымша

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
2-қосымша

"Озонды бұзатын заттарды және құрамында озонды бұзатын заттар бар өнімдерді Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "Озонды бұзатын заттарды және құрамында озонды бұзатын заттар бар өнімдерді Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және Қазақстан Республикасының аумағынан осы елдерге әкетуге лицензия беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі – Министрлік) әзірледі.

3. Мемлекеттік қызметті Министрліктің Мұнай-газ кешеніндегі экологиялық реттеу, бақылау және мемлекеттік инспекция комитеті (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

лицензия беру - 15 (он бес) жұмыс күні ішінде;

Қызмет беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылданған кезден бастап екі жұмыс күн аралығында ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Егер ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталса қызмет беруші көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қарастырылмайтынын жазбаша түрінде дәлелдеп қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде құжаттарды қабылдау күні мемлекеттік қызметті көрсету мерзіміне кірмейді.

2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушіде көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты – 20 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – озонды бұзатын заттарды және құрамында солардың өнімдері бар заттарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және осы елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге лицензия, лицензияны қайта ресімдеу, осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында көзделген жағдайларда және негіздер бойынша мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қағаз түрінде жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

Порталда мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті тұлғасының электрондық цифрлық қолтаңбасы (ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетіне" жіберіледі.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушылар) ақылы негізде көрсетіледі.

Озонды бұзатын заттарды және құрамында солардың өнімдері бар заттарды Кеден одағына кірмейтін елдерден Қазақстан Республикасының аумағына әкелуге және осы елдерге Қазақстан Республикасының аумағынан әкетуге

лицензия беруге лицензиялық алым 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы Кодексінің 471-бабына сәйкес жүзеге асырылады және: лицензия беруге - 10 айлық есептік көрсеткішті (бұдан әрі - АЕК), құрайды.

Лицензиялық алымды төлеу екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады.

Төлем екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол ақшасыз нысанда жүзеге асырылады, сондай-ақ портал арқылы төлем "электрондық үкіметтің" төлем шлюзі арқылы (бұдан әрі – ЭҮТШ) жүзеге асырылуы мүмкін.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі – жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін.

Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін белгіленеді.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі.

2) Мемлекеттік корпорация – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз дүйсенбі – сенбі аралығында сағат 9.00-ден 20.00-ге дейін.

Мемлекеттік қызмет көрсету көрсетілетін қызметті алушының таңдауы бойынша жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек күту тәртібімен көрсетіледі, портал арқылы электрондық кезекті брондауға болады;

3) порталда – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күнімен жүзеге асырылады).

I, II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алу үшін өтінім;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары.

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін:

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алу үшін өтінім;

есептік немесе аспаптық жолмен орнатылған және негізделген қоршаған ортаға эмиссияның нормативтері.

II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу үшін:

I, II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта ресімдеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алу үшін өтінім.

2) Мемлекеттік корпорацияға:

II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін:

I, II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алу үшін өтінім;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспары;

жеке куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін).

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін:

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алу үшін өтінім;

есептік немесе аспаптық жолмен орнатылған және негізделген қоршаған ортаға эмиссияның нормативтері;

жеке куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін).

II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу үшін:

I, II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта рәсімдеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсат алу үшін өтінім;

жеке куәлігі (жеке басын сәйкестендіру үшін).

3) порталға:

II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін:

I, II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 1-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім;

қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарының электрондық көшірмесі.

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін:

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат алу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтінім;

есептік немесе аспаптық жолмен орнатылған және негізделген қоршаған ортаға эмиссияның нормативтерінің электрондық көшірмесі.

II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта рәсімдеу үшін:

I, II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсатты қайта рәсімдеу үшін осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы сұрау салу;

Жеке басын куәландыратын, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), жеке кәсіпкерлікті мемлекетті тіркеу, эмиссияның нормативтері бар жобаларға мемлекеттік экологиялық сараптаманың қорытындылары, рұқсаттары туралы құжаттардың мәліметтерін көрсетілетін қызметті беруші "электронды үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден алады.

Көрсетілетін қызметтерді беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде бар заңмен қорғалатын құпиясы бар мәліметтерді пайдалануға келісімін береді, егер басқасы Қазақстан Республикасының заңдарымен қарастырылмаса.

Құжаттарды қабылдаған кезде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттарды электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін түпнұсқаларын көрсетілетін қызметті алушыға қайтарады.

Мемлекеттік корпорацияда көрсетілетін қызметті алушыға дайын құжаттарды беруді жеке куәлігін және сенімхат (не сенімхат бойынша оның өкілі) ұсынған жағдайда, қолхат негізінде оның қызметкері жүзеге асырады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Бір ай өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде, Мемлекеттік корпорацияның сұранымы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, оның тіркелгені туралы көшірмесіндегі белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

Мемлекеттік корпорацияға – тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат; порталға – "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

10. Мыналар мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту негіздемесі болып табылады:

- 1) рұқсат алу үшін ұсынылған материалдардың толық және дұрыс болмауы;
- 2) табиғат пайдаланудың сұратылып отырған шарттарының мынадай талаптарға сай келмеуі:

табиғат пайдаланушы Қазақстан Республикасында жүзеге асыратын қызмет түрлері үшін арнаулы экологиялық талаптар мен нормалар қабылданған болса, қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа осы талаптар мен нормалардың орындалуын қамтамасыз ететін табиғат пайдалану шарттары енгізілуі мүмкін;

қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа табиғат пайдаланудың белгілі бір шарттарын енгізу туралы шешімді рұқсат берген органдардың қабылдауы;

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасында белгіленген экологиялық талаптар мен нормаларда көзделмеген табиғат пайдалану шарттарын қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа енгізуге тыйым салу;

қоршаған ортаға эмиссиялар үшін рұқсатқа табиғат пайдалану шарттарын енгізу тәртібін қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның бекітуі;

табиғат пайдаланушының экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы есепті рұқсат берген органға тоқсан сайын ұсынып отыруы.

11. Егер көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың толық топтамасын ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінімді қабылдаудан

бас тартады және осы мемлекеттік қызмет стандартына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қолхат береді.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың, елорданың жергілікті атқарушы органдарының, көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

12. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне , әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 13-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші жергілікті атқарушы органы басшысының атына, көрсетілетін қызметті берушінің басшысының атына беріледі.

Шағым жазбаша нысанда почта арқылы не жұмыс күндері көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесі арқылы қолма-қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Министрліктің кеңсесінде шағымды тіркеу (шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасында мөр, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады) оны қабылдауды растау болып табылады.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әдепсіз қызмет көрсетуі жағдайында шағым Мемлекеттік корпорация басшысына беріледі.

Мемлекеттік корпорация кеңсесінде қолма қол сияқты поштамен жіберілген шағымды тіркеу (шағымның немесе шағымға ілеспе хаттың екінші данасында мөр, кіріс нөмірі және тіркеу күні қойылады) оны қабылдауды растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының (1414, 8 800 080 7777) телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы өтініш туралы ақпаратты "жеке кабинетінен" көре алады, ол өтініштерді көрсетілетін қызметті берушінің өңдеуі барысында жаңартылып тұрады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Шағымда:

- 1) жеке тұлға - оның тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы;
- 2) заңды тұлға - оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің, әкімдіктің немесе Мемлекеттік корпорацияның мекен жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы оны тіркеген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде қарастыруға жатады. Шағымды қарастыру туралы дәлелді жауап көрсетілетін қызметті алушыға пошта байланысы немесе көрсетілетін қызметті берушінің, әкімдіктің немесе Мемлекеттік корпорацияның кеңсесінде қолма қол беріледі.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы өтініш туралы ақпаратты "жеке кабинетінен" көре алады, ол өтініштерді көрсетілетін қызметті берушінің өңдеуі барысында жаңартылып тұрады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

13. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқылы.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

14. Адамның тыныс-тіршілігін шектейтін организм функцияларының үнемі нашарлауы салдарынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар 1414, 8 800 080 7777 - Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінген кезде, олардың мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қажеттілігі болған жағдайда тұрғылықты жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорация қызметкері қабылдайды.

15. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары мынадай:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) көрсетілетін қызметті берушінің - www.ecokomitet.gov.kz;

3) Мемлекеттік корпорация - www.con.kz интернет-ресурстарында орналастырылған.

16. ЭЦҚ болған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алуға мүмкіндігі бар.

17. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

18. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58 және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414).

"II, III және IV санаттардағы
объектілер үшін қоршаған ортаға
эмиссияға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына I-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органның атауы

I, II және III санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияларға
рұқсат алуға өтінім

(табиғат пайдаланушының атауы)

(өтінім беруші ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның
тұрғылықты мекенжайы)

1. Жалпы ақпарат

Байланыс телефондары, факс _____

Өтінім берілетін өндірістік объектінің атауы

Табиғат пайдаланушының санаты (өндірістік объектінің қауіптілік класы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

2. Өндіріс объектісінің қоршаған ортаны ластау көзі орналасқан өнеркәсіп алаңдарының орналасқан жері туралы деректер:

1-кесте. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасқан орны туралы деректер

Өнеркәсіп алаңының нөмірі	Өнеркәсіп алаңының атауы	Облыс	Аудан, елді мекен	Координаталары, град. мин. сек.		Алып жатқан аумағы, га
				ендік	бойлық	
1	2	3	4	5	6	7

3. Ластаушы зат шығарындылары (төгінділері) мен орналастырылатын қалдықтар (күкірт) көлемінің жылдар бойынша сұралатын лимиті.

2-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы	Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмірі мен күні	Ластаушы зат төгінділерінің нормативті көлемі	Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттаршығарындыларының сұратылатын лимиттері	Өтінім берілген жылдың алдындағы жылдың нақтышығарындылары
		тонна/жыл	тонна/жыл	тонна/жыл
1	2	3	4	5
20__ жылы				
Барлығы, оның ішінде алаң бойынша				
1-алаң				
2-алаң және т.б.				

3-кесте. Ластаушы заттар төгінділерінің лимиттері

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы	Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмірі мен күні	Ластаушы заттөгінділерінің нормативті көлемі	Атмосфераға шығарылатын ластаушызаттаршығарындыларының сұратылатын лимиттері	Өтінім берілген жылдың алдындағы жылдың нақтышығарындылағ
		тонна/жыл	тонна/жыл	тонна/жыл
1	2	3	4	5
20__ жылы				
Барлығы, оның ішінде су ағызу бойынша:				

1-су ағызу бойынша				
2-су ағызу бойынша және т.б.				

4-кесте. Өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттері

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы	Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмірі мен күні	Қалдықтардың нормативтік көлемі	Қалдықтардың сұратылатын лимиттері	Өтінім беретін жылдың алдындағы жылы қалдықтарды орналастырудың (сақтаудың) нақты көлемі
		т/жыл	т/жыл	т/жыл
1	2	3	4	5
20__ жылы				
Барлығы, оның ішінде алаң бойынша				
1-алаң				
2-алаң және т.б.				

5-кесте. Күкіртті орналастыруға арналған лимиттер

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының атауы	Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысының нөмірі мен күні	Күкірттің нормативтік көлемі	Күкірттің сұратылатын лимиттері	Өтінім беретін жылдың алдындағы жылы орналастырудың нақты көлемі
		т/жыл	т/жыл	т/жыл
1	2	3	4	5
20__ жылы				
Барлығы, оның ішінде алаң бойынша				
1-алаң				
2-алаң және т.б.				

Табиғат пайдаланушыларға табиғат пайдаланудың ұсынылатын шарттары:

Қоршаған ортаға эмиссиялар осы өтінімде берілген сипаттамаға сәйкес болатынын растаймыз.

4. Өтінімге мына құжаттар қоса беріледі: _____

Ақпараттық жүйелерде бар заңмен қорғалатын құпиядан құралған мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Уәкілетті

(жеке тұлға) _____

(жеке қолы) (қолдың толық жазылуы)

" " 20__ жыл.

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

"II, III және IV санаттардағы
объектілер үшін қоршаған ортаға
эмиссияға рұқсат беру"
мемлекеттік көрсетілетін қызмет
стандартына 2-қосымша

Нысан

Мемлекеттік органның атауы

IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға
эмиссияға рұқсат алуға рұқсат алу

(табиғат пайдаланушының атауы)

(өтінім беруші ұйымның заңды мекенжайы немесе жеке тұлғаның тұрғылықты мекенжайы)

1. Жалпы ақпарат

Байланыс телефондары, факс _____

Өтінім берілетін өндірістік объектінің атауы

Табиғат пайдаланушының санаты (өндірістік объектінің қауіптілік класы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

2. Өндіріс объектісінің қоршаған ортаны ластау көзі орналасқан өнеркәсіп алаңдарының орналасқан жері туралы деректер:

1-кесте. Өнеркәсіптік алаңдардың орналасқан орны туралы деректер

Өнеркәсіп алаңының нөмірі	Өнеркәсіп алаңының атауы	Облыс	Аудан, елді мекен	Координаталары, град. мин. сек.		Алып жатқан аумағы, га
				ендік	бойлық	
1	2	3	4	5	6	7

3. Ластаушы зат шығарындылары (төгінділері) мен орналастырылатын қалдықтар (күкірт) көлемінің жылдар бойынша сұралатын лимиті.

2-кесте. Ластаушы заттар шығарындыларының лимиттері

Заттардың атауы	Ластаушы затшығарындыларының нормативті көлемі		Атмосфераға шығарылатын ластаушы заттар шығарындыларының сұратылатын лимиттері		Өтінім берілген жылдың алдындағы жылдың нақты шығарындылары	
	г/сек	т/жыл	г/сек	т/жыл	г/сек	т/жыл
1	2	3	4	5	6	7
20__ жылы						
Барлығы, оның ішінде алаң бойынша						
1-алаң						
оның ішінде ингредиенттер бойынша:						
2-алаң және т.б.						
оның ішінде ингредиенттер бойынша:						

3-кесте. Ластаушы заттар төгінділерінің лимиттері

Заттардың атауы	Ластаушы зат төгінділерінің нормативті көлемі			Ластаушы заттар төгінділерінің сұратылатын лимиттері			Өтінім беретін жылдың алдындағы жылдың нақты төгінділері		
	мг/л	г/сағ	т/жыл	мг/л	г/сағ	т/жыл	мг/л	г/сағ	т/жыл
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
20__ жылы									
Барлығы, оның ішінде су ағызу бойынша:									
1-су ағызу бойынша									
оның ішінде ингредиенттер бойынша:									
2-су ағызу бойынша және т.б.									
оның ішінде ингредиенттер бойынша:									

4-кесте. Өндірістік және тұтыну қалдықтарын орналастыру лимиттері

Қалдықтың Атауы	Қауіптілік деңгейі	Орналасқан жері	Қалдықтардың нормативтік көлемі	Қалдықтардың сұратылатын лимиттері	Өтінім беретін жылдың алдындағы жылы қалдықтарды орналастырудың (сақтаудың) нақты көлемі
			т/жыл	т/жыл	т/жыл
1	2	3	4	5	6
20__ жылы					
Барлығы, оның ішінде алаң бойынша					
1-алаң					
1	2	3	4	5	6
Оның ішінде түрлері бойынша:					

2-алаң					
Оның ішінде түрлері бойынша:					

5-кесте. Күкіртті орналастыруға арналған лимиттер

Атауы	Орналасқан орны	Күкірттің нормативтік көлемі	Күкірттің сұратылатын лимиттері	Өтінім беретін жылдың алдындағы жылы орналастырудың нақты көлемі
		т/жыл	т/жыл	т/жыл
1	2	3	4	5
Барлығы:				
1-алаң				
2-алаң				

Табиғат пайдаланушыларға табиғат пайдаланудың ұсынылатын шарттары:

Қоршаған ортаға эмиссиялар осы өтінімде берілген сипаттамаға сәйкес болатынын растаймыз.

4. Өтінімге мына құжаттар қоса беріледі: _____

Ақпараттық жүйелерде бар заңмен қорғалатын құпиядан құралған мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Уәкілетті

(жеке тұлға) _____

(жеке қолы) (қолдың толық жазылуы)

" " 20__ жыл.

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

"II, III және IV санаттардағы объектілер үшін қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымша

Нысан

I, II, III және IV санаттағы объектілер үшін қоршаған ортаға
эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеу өтінімі

(табиғат пайдаланушының атауын немесе ұйымдық-құқықтық нысанын
өзгерткен, қайта құрылған жағдайларында)

Қоршаған ортаға эмиссияларға рұқсатты қайта ресімдеуді сұраймын

(рұқсат рәсімделген жеке және заңды тұлғаның атауы)

(жеке және заңды тұлғаның ауыстырылған атауы)

Рұқсат № берілген (кіммен)

(өтініш иесінің-ұйымның заңды мекен жайы немесе жеке тұлғаның тұратын
мекен-жайы)

Табиғат пайдаланушы санаты (өндірістік объектінің қауіптілік классы)

Жеке сәйкестендіру нөмірі/бизнес-сәйкестендіру нөмірі

Өтінімге келесідей құжаттар ұсынылады:

Уәкілетті

(жеке тұлға) _____

(жеке қолы) (қолын ашып жазу)

"II, III және IV санаттардағы
объектілер үшін қоршаған ортаға

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы
қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының (мекенжайын көрсету керек) №__ бөлімі Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбағаныңызға байланысты (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету керек) мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1. _____ ;
2. _____ ;

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Телефон

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) / қолы

"__" _____ 20__ ж.

Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2016 жылғы 21 қаңтардағы
№ 19 бұйрығына
5-қосымша
Қазақстан Республикасы
Энергетика министрінің
2015 жылғы 23 сәуірдегі
№ 301 бұйрығына
7-қосымша

"II, III және IV санаттардағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты

1. Жалпы ережелер

1. "II, III және IV санаттардағы объектілер үшін мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру" мемлекеттік көрсетілетін қызметі (бұдан әрі - мемлекеттік көрсетілетін қызмет).

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі (бұдан әрі - Министрлік) әзірлеген.

3. Мемлекеттік қызметті облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

- 1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;
- 2) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);
- 3) www.egov.kz "электрондық үкімет" веб-порталы (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік қызметті көрсету тәртібі

4. Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімдері:

1) көрсетілетін қызметті берушіге, Мемлекеттік корпорацияға құжаттар топтамасын тапсырған сәттен бастап, сондай-ақ порталға жүгінген кезде:

мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру - II санаттағы объектілер үшін – бір айдан, III және IV санаттардағы объектілер үшін он жұмыс күнінен аспайды;

қайталама мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысын беру - II санаттағы объектілер үшін – он жұмыс күнінен, III және IV санаттардағы объектілер үшін бес жұмыс күнінен аспайды;

алдын ала сараптама - үш жұмыс күнінен аспайды;

Қызмет беруші көрсетілетін қызметті алушыдан құжаттарды қабылданған кезден бастап үш жұмыс күн аралығында ұсынылған құжаттардың толықтылығын тексереді.

Егер ұсынылған құжаттардың толық еместігі анықталса қызмет беруші көрсетілген мерзімде өтінішті әрі қарай қарастырылмайтынын жазбаша түрінде дәлелдеп қайтарады.

2) көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті берушіге құжаттарды тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 15 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 15 минут;

3) көрсетілетін қызметті берушіде көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты - 20 минут, Мемлекеттік корпорацияда - 15 минут.

5. Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және қағаз түрінде.

6. Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі – осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандаарының 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша "келісіледі/келісілмейді" деген тұжырыммен мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы.

Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру нысаны: электрондық.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қағаз түрінде жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті беруші уәкілетті адамының мөрімен және қолымен куәландырылады.

Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесіне қағаз түрінде жүгінген жағдайда, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі электрондық нысанда ресімделеді, қағазға басылады және көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының мөрімен және оның қолтаңбасымен куәландырылады.

Порталда мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің уәкілетті адамының электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі - ЭЦҚ) қойылған электрондық құжат нысанында көрсетілетін қызмет алушының "жеке кабинетіне" жолданады.

7. Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға (бұдан әрі - көрсетілетін қызметті алушы) тегін көрсетіледі.

8. Жұмыс кестесі:

1) көрсетілетін қызметті беруші - Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін;

Өтініш қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесін беру сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.30-ға дейін белгіленеді.

Мемлекеттік қызмет алдын ала жазылусыз және жеделдетіп қызмет көрсетусіз кезек күту тәртібімен көрсетіледі;

2) Мемлекеттік корпорацияның - еңбек заңнамасына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі - сенбі аралығында жұмыс кестесіне сәйкес түскі үзіліссіз сағат 9-00-ден 20-00-ге дейін.

Қабылдау жеделдетіп қызмет көрсетусіз "электрондық" кезек күту тәртібімен жүзеге асырылады, электрондық кезекті портал арқылы брондауға болады;

3) портал - тәулік бойы жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді есептемегенде (көрсетілетін қызметті алушы қызмет уақыты аяқталғанда, Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес

демалыс және мереке күндері өтінім жасаса, өтініш қабылдау және көрсетілетін мемлекеттік қызметтің нәтижесі келесі жұмыс күнімен орындалады).

9. Көрсетілетін қызметті алушы (не сенімхат бойынша оның өкілі) көрсетілетін қызметті берушіге жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттардың тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушіге:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтініш;

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін ҚОӘБ материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы, келесі құрамда:

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

өтінімді бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі БАҚ) жарияланғанын растайтын материалдар;

жобаның электрондық нұсқасы;

эмиссиялар нормативтерінің жобаларына:

эмиссиялар нормативтерінің жобаның электрондық нұсқасымен қоса;

іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары, келесі құрамда:

өтінімді БАҚ-да жарияланғанын растайтын материалдар;

2) Мемлекеттік корпорацияға:

осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтінім;

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін ҚОӘБ материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы, келесі құрамда:

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижелері;

өтінімді бұқаралық ақпарат құралдарында (бұдан әрі БАҚ) жарияланғанын растайтын материалдар;

жобаның электрондық нұсқасы;

эмиссиялар нормативтерінің жобаларына:

эмиссиялар нормативтерінің жобаның электрондық нұсқасымен қоса;

іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың жобалары, келесі құрамда:

өтінімді БАҚ-да жарияланғанын растайтын материалдар;

3) порталға:

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы мемлекеттік қызмет стандартының 2-қосымшасына сәйкес нысан бойынша мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізуге өтінім;

әзірлеу деңгейі жобалау сатыларына сәйкес келетін ҚОӘБ материалдарымен бірге қоршаған ортаға әсер етуші межеленіп отырған қызметтің жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасы:

қоғамдық пікірді есепке алу нәтижесінің электронды көшірмесі;

өтінімді БАҚ-та жарияланғанын растайтын материалдардың электронды көшірмесі;

жоспарланған қызметтің экологиялық салдары туралы өтінімнің электронды көшірмесі.

эмиссиялар нормативтерінің жобалары, келесі құрамда:

эмиссиялар нормативтерінің жобалары.

көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық түрдегі эмиссиялар нормативтері жобасы.

әзірлеген іске асырылуы қоршаған ортаға теріс әсерлерге әкеп соғуы мүмкін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің, нормативтік-техникалық және нұсқаулық-әдістемелік құжаттардың көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен куәландырылған электрондық түрдегі жобалары, келесі құрамда:

өтінімді БАҚ-та жарияланғанын растайтын материалдардың электронды көшірмесі.

Жеке басты куәландыратын құжаттардың, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы, жеке кәсіпкерді мемлекеттік тіркеу туралы құжаттарының мәліметтерін Мемлекеттік корпорация қызметкері және көрсетілетін қызмет беруші "электрондық үкімет" шлюзі арқылы ақпараттық жүйелерден алады.

Егер Қазақстан Республикасының заңдарында өзгеше көзделмесе, мемлекеттік қызмет көрсету кезінде ақпараттық жүйелерде қамтылған заңмен қорғалатын құпия мәліметтерді пайдалануға көрсетілетін қызметті алушы келісімін береді.

Құжаттарды қабылдау кезінде Мемлекеттік корпорация қызметкері құжаттардың электрондық көшірмелерін жасайды, содан кейін көрсетілетін қызметті алушыға түпнұсқаларын қайтарады;

Мемлекеттік корпорацияға дайын құжаттарды беру жеке басын куәландыратын құжатты ұсынған жағдайда, сәйкесінше құжаттарды қабылдау туралы қолхат негізінде жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорация нәтижені бір ай бойы сақтауды қамтамасыз етеді, содан кейін оларды одан әрі сақтау үшін көрсетілетін қызметті берушіге тапсырады. Бір ай өткеннен кейін көрсетілетін қызметті алушы жүгінген кезде,

Мемлекеттік корпорацияның сұранымы бойынша көрсетілетін қызметті беруші бір жұмыс күні ішінде дайын құжаттарды көрсетілетін қызметті алушыға беру үшін Мемлекеттік корпорацияға жолдайды.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды тапсырған кезде: көрсетілетін қызметті берушіге – көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесінде құжаттар топтамасын қабылдау күні мен уақытын көрсете отырып, оның тіркелгені туралы көшірмесіндегі белгі қағаз жеткізгіштегі өтініштің қабылданғанын растау болып табылады;

Мемлекеттік корпорацияға – тиісті құжаттарды қабылдау туралы қолхат; порталға – "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызмет көрсетуге сұрау салуды қабылдау туралы мәртебе жіберіледі.

10. Көрсетілетін қызметті алушы осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартындағы 9-тармағында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбаған жағдайда, Мемлекеттік корпорация қызметкері өтінішті қабылдаудан бас тартады және осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы қолхат береді.

3. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша облыстардың, облыстық маңызы бар қалалардың, елорданың жергілікті атқарушы органдарының, көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

11. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушілердің және (немесе) оның лауазымды адамдарының, Мемлекеттік корпорацияның және (немесе) оның қызметкерлерінің шешімдеріне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағымдану үшін: шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжай бойынша көрсетілетін қызметті беруші басшының атына немесе тиісті жергілікті атқарушы органдардың (бұдан әрі – Әкімдік) басшысының атына беріледі.

Шағымдар жазбаша нысанда көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі немесе Әкімдікте арқылы қолма қол қабылданады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе Әкімдіктің кеңсесінде берілген шағымға жауап алу мерзімі мен орны, шағымды қабылдаған адамның тегі мен аты-жөні көрсетіліп тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және күні) шағымның қабылдануын растау болып табылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің немесе әкімдіктің мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде қаралуға тиіс.

Мемлекеттік корпорация қызметкерінің әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым осы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 14-тармағында көрсетілген мекенжайлар мен телефондар бойынша Мемлекеттік корпорация басшысының атына беріледі.

Мемлекеттік корпорация кеңсесіне қолма-қол және почта арқылы келіп түскен шағымның тіркелуі (мөртабан, кіріс нөмірі және тіркелген күні шағымның екінші данасына немесе шағымға ілеспе хатқа қойылады) оның қабылданғанын растау болып табылады.

Портал арқылы жүгінген кезде шағымдану тәртібі туралы ақпаратты бірыңғай байланыс орталығының (1414, 8 800 080 7777) телефоны арқылы алуға болады.

Шағым портал арқылы жіберілген кезде көрсетілетін қызметті алушы өтініш туралы ақпаратты "жеке кабинетінен" көре алады, ол өтініштерді көрсетілетін қызметті берушінің өңдеуі барысында жаңартылып тұрады (жеткізілгені, тіркелгені, орындалғаны туралы белгілер, қарау немесе қараудан бас тарту туралы жауап).

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға шағыммен жүгіне алады.

Мемлекеттік қызмет көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның мекенжайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап он бес жұмыс күні ішінде қарауға жатады.

Шағымда:

- 1) жеке тұлға - оның тегі, аты, әкесінің аты, почталық мекенжайы;
- 2) заңды тұлға - оның атауы, почталық мекенжайы, шығыс нөмірі мен күні көрсетіледі. Өтінішке көрсетілетін қызметті алушы қол қоюға тиіс.

12. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы сотқа жүгінеді.

4. Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметтердің ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар

13. Адамның тыныс-тіршілігін шектейтін организм функцияларының үнемі нашарлауы салдарынан денсаулығы бұзылған көрсетілетін қызметті алушылар 1414, 8 800 080 7777 - Бірыңғай байланыс орталығы арқылы жүгінген кезде, олардың мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарын қажеттілігі болған

жағдайда тұрғылықты жеріне бара отырып, Мемлекеттік корпорация қызметкері қабылдайды.

14. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының интернет-ресурстарында мекенжайлары мынадай:

1) Министрліктің - www.energo.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

2) Министрліктің Экологиялық реттеу, бақылау және мұнай-газ кешеніндегі мемлекеттік инспекция комитетінің - www.ecokomitet.gov.kz, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер" бөлімі;

3) Мемлекеттік корпорацияның - www.con.gov.kz.

15. Көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-сы болған жағдайда портал арқылы электрондық нысанда мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға мүмкіндігі бар.

16. Көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты порталдағы "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде, сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.

17. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша анықтама қызметтерінің байланыс телефондары: 8 (7172) 58 00 58 және мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: (1414, 8 800 080 7777).

"II, III және IV санаттардағы
объектілер үшін мемлекеттік
экологиялық сараптама
қорытындысын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
1-қосымша

Нысан

Өтініш иесі (ұйымның атауы)

Мемлекеттік экологиялық сараптама қорытындысы

(құжаттың, жобаның атауы)

Материалдар әзірленген _____

(әзірлеуші жоба ұйымының толық атауы)

Жоба-материалдарына тапсырыс беруші _____

(тапсырыс беруші ұйымның толық атауы, мекен жайы)

Мемлекеттік экологиялық сараптамаға қарастыруға ұсынылды:

(жобалық құжаттың атауы, ұсынылып отырған басқа құжаттар, материалдардың толықтығын атау)

Материалдар қарастыруға келіп түсті _____ 20__ жылы
(күні, тіркеудің кіріс нөмері)

Жалпы мәлімет

Сараптама объектісінің орналасу ауданының физикалық-географиялық жағдайының қысқаша сипаттамасы, қоршаған ортаның фондық жағдайы, қоршаған ортаға теріс әсерін тигізетін, негізгі техникалық, технологиялық шешімдер, соның ішінде технологиялық процестерді баяндау, қазіргі заман технологияларының үздік аналогтарымен салыстырып балама түрлерін қарау.

Межеленіп отырған қызметтің қоршаған ортаға әсерін бағалау (ҚОӘБ)

Объектінің ауа ортасына, жерасты және жерүсті суларына, жерресурстарына, жануар және өсімдік дүниесіне, жер қойнауына әсер етуінің жалпы сипаттамасы, экологиялық қауіп-қатер, апаттық жағдайлар болуы және мүмкіндігі және т.б.

Сәулеттік-жобалық құжаттар, елді мекендердегі инженерлік инфрақұрылымының даму сызбасы, істегі кәсіпорындардың жаңғырту (ұлғайту) жобаларын қарастыру кезінде қоршаған ортаға әсер ету бөлігінде барлық көрсеткіштер сол жағдайға, сондай-ақ есептік мерзімге беріледі.

Тұжырымдама

Мемлекеттік экологиялық сараптама жүргізудің нәтижесі

"келісілді/келісілмеді" тұжырымдамасымен қорытынды болып табылады.

Уәкілетті органның сараптамалық

бөлімшесінің басшысы

қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі

сараптамалық бөлімшесінің басшысы

қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Жергілікті атқарушы органның сараптамалық

бөлімшесінің басшысы

қолы (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

"II, III және IV санаттардағы
объектілер үшін мемлекеттік
экологиялық сараптама
қорытындысын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
2-қосымша

Кімге _____

(мемлекеттік органның толық атауы)

кімнен _____

(өтініш берушінің толық атауы)

Мекенжайы _____

(индекс, қала, аудан, облыс, көше, үй №, телефон)

Өтініш берушінің деректемелері _____

(ЗТ/ДК мем. тіркеу туралы куәлігінің №, ЖСН/БСН)

Мемлекеттік экологиялық сараптама өткізуге

ӨТІНІШ

(жобаның толық атауын көрсету керек)

жобасына мемлекеттік экологиялық сараптама өткізуді сұраймын.

Қоса беріліп отырған құжаттардың тізбесі:

Басшы _____

(қолы) (тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда))

Мөрдiң орны (болған жағдайда)

20__ ж. " __ " _____

"II, III және IV санаттардағы
объектілер үшін мемлекеттік
экологиялық сараптама
қорытындысын беру"
мемлекеттік көрсетілетін
қызмет стандартына
3-қосымша

Құжаттарды қабылдаудан бас тарту туралы

қолхат

"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңы 20-бабының 2-тармағын басшылыққа ала отырып, Мемлекеттік корпорация филиалының (мекенжайын көрсету керек) №__ бөлімі Сіздің мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында көзделген тізбеге сәйкес құжаттардың топтамасын толық ұсынбағаныңызға байланысты (мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауын көрсету керек) мемлекеттік қызмет көрсетуге құжаттар қабылдаудан бас тартады, атап айтқанда:

жоқ құжаттардың атауы:

1) _____;

2) _____;

3) _____

Осы қолхат әр тарапқа бір-бірден 2 данада жасалды.

Тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда) (Мемлекеттік корпорация қызметкерінің) (қолы)

Орындаушы тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)

Телефон _____

Алдым: көрсетілетін қызметті алушының тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда)/ қолы

"__" _____ 20__ ж.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК